



Халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын!



Шуақты күннің шапағы

Ана жаны шуақты бақ тұнады,
Кең жазира көңілге қақ тұрады.
Жаз дидары жарқырап нұрын төксе,
Жарқын дүние жар салып шапқылады.

Жанарында мейірім мөлдіреген,
Ана жүрек әрдайым елжіреген.
Ар, намысын әйгілеп тұрғандай бір,
Ақ жаулығы анаңның көлбіреген.

Мейірім, шуақ, сөндегі сұлу көрік,
Жаны жайсаң тұлғасың қызу берік.
Ақ пейілден нұр жауған шапағатың,
Күллі әлемге жатқандай жылу беріп.

Бақыт нұрға бөлеген халық барда,
Бақ береке құйылсын жарық таңда.
Шаңырағың шаттыққа бөленеді,
Жан жылуын жүрекке дарытқанда.

Елге сыйлы аналық айбат берді,
Тұрмыс тірлік бәрін де жайғап келді.
Енді бірде ел сөзін сөйлеп жүрген,
Мінберлерден көресің қайраткерді.

Бойға жинап ғажап бір даналықты,
Ұрпақ әкеп өмірге бала күтті.
Дидарынан қоңыржай самал ескен,
Мынау шексіз әлемде ана мықты.

Әлдиіндей анаңның таппас үнін,
Ана жайлы болмайды жақпас ұғым.
Барша жанға несібе, бақ қондырып,
Берекесі, ырысы мен отбасының.

Ақ сүтімен анаңның өсті арманың,
Ана жыры болсыншы жастанғаның.
Ұға білсін ұрпағың жан сырыңды,
Ана деген ұлы есім асқақ бағың!

Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ.

Ардақты асыл ақ жаулықты
аналар, қымбатты
қыз-келіншектер

8 наурыз мерекесі құтты болсын!

Сіздер—өмірдің шуағы, берекенің бас-
тауы, мейірімнің символысыздар! Сіз-
дердің жүректеріңіздегі шексіз махаббат
пен мейірім әрбір отбасына жылу сый-
лайды. Бүгінгі көктемнің шуақты күнінде
сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, от-
басыңызға амандық, бақ-береке тілей-
міз.

Ұрпақ өсіріп, елге ерен еңбек сіңірген
алтын құрсақты аналарымыз әрдайым
аман болсын! Сіздердің ақ батаңыз, да-
на сөзіңіз бізге әрқашан бағдар болсын!
Мерекелік көңіл-күй, шаттық пен қуа-
ныш тілейміз!

Ізгі ниетпен:
Нұржамал МАЙУСОВА,
«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғам-
дық бірлестігінің төрайымы.



Еліміздің үш аймағында төрт су қоймасы салынады

Су ресурстары және ирригация ми-
нистрі Нұржан Нұржігітов еліміздің үш
аймағында биыл төрт жаңа су қойма-
сы салынатынын айтты.

«Бірінші кезең аясында 2025 жылы
еліміздің үш өңірінде 4 жаңа су қой-
масының құрылысын бастау жоспар-
ланып отыр. Оның ішінде, еліміздің
оңтүстігінде орналасқан Ақмола,
Қалғұтты, Қараузық жаңадан енгізі-
летін 22,5 мың гектар суару алаңын-
да вегетациялық кезеңде су тапшы-
лығын жабуға бағытталады. Батыс
Қазақстан облысында Үлкен Өзен

(28 млн текше метр) су қоймасының
құрылысы су тасқыны мен еріген су-
ды ұстап тұруға және 5 мыңға жуық
халқы бар Казталов ауданының 2
елді мекенін су басу қаупін болдыр-
мауға бағытталған», деді су ресурста-
ры министрі.

Сондай-ақ бірінші кезең аясында
Жамбыл облысындағы Терс-Ащы-
бұлақ, Қарақоңыз және Түркістан об-
лысындағы Көксарай контррегулято-
ры мен Қосқорған су қоймасын қай-
та жаңғырту жоспарланған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

05.03.2025 №23

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті жиырма төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001
жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Ре-
спубликасындағы жергілікті мемле-
кеттік басқару және өзін-өзі басқару
туралы» Заңының 10-бабының 2-тар-
мағына сәйкес, Созақ аудандық мәс-
лихатының сегізінші шақырылымын-
дағы кезекті жиырма төртінші сессия-
сы 2025 жылғы 19 наурыз, сағат
11.00-де, Шолаққорған ауылында
шақырылсын.

О.Жәмиев,
Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы.

Созақ аудандық мәслихаты- ның депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001
жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Ре-
спубликасындағы жергілікті мемле-
кеттік басқару және өзін-өзі басқару
туралы» Заңының 10-бабына сәйкес,
Созақ аудандық мәслихатының
сегізінші шақырылымындағы кезекті
жиырма төртінші сессиясы 2025
жылғы 19 наурыз, сағат 11.00-де Шо-

лаққорған ауылында шақырылатыны
туралы Сіздерді хабардар етемін.
Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы,
Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 19 наурыз,
сағат 09.00-ден бастап аудандық
мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты ко-
миссияларының бірлескен мәжілісі
2025 жылғы 19 наурыз, сағат 09.00-
де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе-
лер ұсынылады:

1.Аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет
және қала құрылысы бөлімінің атқар-
ған жұмыстары мен алда тұрған мін-
деттері туралы есебі.

2.Аудандық орталық аурухананың
атқарған жұмыстары мен алда тұрған
міндеттері туралы есебі.

3.Таукент кенті әкімінің есебі

Сессия қарауына келіп түсуіне
қарай өзге де мәселелер енгізілуі
мүмкін.

О.Жәмиев,
Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы.

Құттықтау!

Аналар- бейбіт күннің ақ бесігі

Құрметті ханымдар, аяулы аналар!

Сіздерді көктемнің шуақ-
ты мерекесіне айналған 8
наурыз-Халықаралық әйел-
дер күні мейрамымен шын
жүректен құттықтаймыз!

Әйел- қоғамның ең негізгі
тірегі, оның күш-қуаты мен
мейірімінің қайнар көзі.
Халқымызда «Әйел-шаңы-
рақтың шуағы, отбасының
ұйытқысы» деген асыл сөз
бар. Бүгінгі таңда нәзік жан-
дылар қоғамның барлық са-
ласында белсенді жұмыс
істеп, еліміздің әлеуметтік-
экономикалық дамуына үл-
ес қосып келеді. Сіздердің
еңбекқорлықтарыңыз бен
отбасындағы міндеттерді
атқарудағы қажырлылықта-
рыңыз-ауданымыздың өр-
кендеуіне, ұрпақ тәрбиесіне,
қоғамдық құндылықтардың
сақталуына зор ықпал ете-
ді. Тек отбасында ғана ем-
ес, сондай-ақ білім, мәдени-
ет, денсаулық сақтау, эконо-
мика секілді әртүрлі сала-
ларда да жоғары жетістік-
терге жетіп, қоғамды алға
жылжытуда маңызды рөл
атқарудасыздар.


Құрметті ханымдар!

Әркез мақсаттарыңызға
жету жолында табыс, бақыт
пен тыныштық тілейміз. Жа-
ңа күндер мен жаңа мүм-
кіндіктер Сіздерді қуанышқа
бөлеп, өмірлеріңізге тек
жақсылық әкелсін!

Баршаңызға зор денсау-
лық, мол бақыт және ұзақ
өмір тілейміз! Әрқашан да
қуанышқа бөленіп, әр күн-
деріңіз шаттыққа толы бол-
сын!

Ізгі тілекпен:
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихат
төрағасы.





Қоғамдық қабылдау өткізді

«AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының төрағасы Ернар Сағындық пен Созақ АПБ ЖПҚБ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі полиция майоры Айжан Манапова жеке қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген тұрғындарға Айжан Манапова: «Құқық қорғау органдарына жәбірленушіден отбасылық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғауға және сонымен қатар зорлық-зомбылық қайталанған жағдайда, тараптар сотта татуласа алмайды. Бұдан бөлек, кінәлі адамды әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері бекітіледі және қайталанған құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік қамауға алу мерзімі ұзартылады» деді.

Ал партия төрағасы Е.Сағындық: Мектептегі қауіпсіздік, оқушылар арасындағы әлімжеттік, буллинг секілді бірқатар өзекті мәселелерді көтеріп, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс жүйесін атап өтті.



тырумен Алғыс айту күніне орай көп балалы аналарға құрмет көрсетілді.

Осы орайда әрбір отбасының ұйытқысы нәзік жанды аруларға гүл шоқтары мен сый-сияпат табысталды. Полиция майоры А.Манапова, «Белсенді» ұзақ өмір және Тең қоғам әлеуметтік орталығының Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің әлеуметтік маманы Біржан Саржанов аналарға өздерінің жүрек-жарды ыстық ықыластарын білдіріп, барлық мақтау-марапаттарға лайықты керемет жан екен-

ЖАН ЖЫЛЫТАР ЖЫЛУЛЫҚ

Түркістан облысы полиция департаменті Созақ аудандық полиция бөлімінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы Айжан Манапованың ұйымдас-

діктерін атап айтты.

Жан жылытар қамқорлықты сезінген аяулы аналар өздерінің алғыстарын білдіріп, тәртіп сақшыларының жұмыстарына сәттілік тіледі.

Бәрекелді!

Елнұр шаршы тақтаның шебері атанды

Шолаққорған ауылының тұмасы, жерлесіміз, он жасар болашақ чемпион Елнұр Кабылбек Қазақстан Шахмат федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласы бойынша филиалы ұйымдастырған классикалық шахматтан «KazChess Шымкент» ашық квалификациялық турнирінде 10 жастан жоғары бастауыш тобы арасында жүлделі бірінші орын иеленіп жеңімпаз атанды. Елнұр баламызды айтулы жеңісімен құттықтай отырып, шахматтан әлемді бағындырып, Созақ ауданының атын төрткүл дүниеге таныта беруіне тілектеспіз!

«Созақ үні»-ақпарат.



ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 8 Наурыз-Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында әр саланың майталман мамандарынан және кәсіпкер әйелдер мен іскер қыз-келіншектерден

Бүгінгі таңда нәзік жандылар қоғамның барлық саласында белсенді жұмыс істеп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып келеді. Сіздердің еңбек-қорлықтарыңыз бен отба-

мүшелеріне арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, бірлестік әр жылы аудан аумағындағы түрлі қоғамдық шаралар мен қайырымдылық акция-



құралған «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелерін қабылдады.

«Әйел-қоғамның ең негізгі тірегі, оның күш-қуаты мен мейірімінің қайнар көзі.

сындағы міндеттерді атқарудағы қажырлылықтарыңыз ауданымыздың өркендеуіне, ұрпақ тәрбиесі мен қоғамдық құндылықтардың сақталуына зор ықпал етеді», - деген аудан басшысы ұйым

ларға белсене араласып келеді. Қайырымды, белсенді қыз-келіншектерден құралған бірлестік заңды тұлға ретінде тіркелген.

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ



2025 жылдың 28 ақпан мен 3 наурыз аралығында Астана қаласында бір спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Бұл жарысқа еліміздің әр облысынан келген спортшылар өзара сынға түсіп, мықтыны анықтады. Түркістан облысының намысын қорғаған созақтық спортшылар ерекше нәтиже көрсетіп, ересектер арасындағы командалық жарыста Түркістан облысы 1-орынға тұрақтады.

Жарыс нәтижелері бойынша Орынбасаров

Қобыланды-ересектер арасында эстафеталық жарыста 1-орын, Тауыпалды Айдын-85 келі салмақта 3-орын, Құдайберген Сырым-жасөспірімдер арасында +68 келі салмақта 1-орын, Қоңыратбай Ерсайын-58 келі салмақта 3-орын иеленді.

Осылайша, созақтық спортшылар өз салмақтарында үздік нәтиже көрсетіп, облысымыздың абыройын асқақтатты.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

Жақында «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңіне Созақ ауданынан 8 оқушы қатысты.

Нәтижесінде «Бейнелеушілер» бағыты бойынша Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейдің 10-сынып оқушысы Сәбитқызы Әсел (жетекшісі Хасенова Лаура) жүлделі 1-орынға ие болып, республикалық кезеңге жолдама ал-

ды.

«Сөз шеберлері» бағыты бойынша Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Төрежан Гүлсезім мен «Суындық» жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушысы Халбай Махбуба жүлделі 2-орын иеленсе, «Жас қаламгер» бағыты бойынша да А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Мақсатқызы Балнұр мен «Созақ» мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы

Ақбар Даниэла жүлделі 2-орын иеленді.

«Білгірлер бәйгесі» бағыты бойынша «Созақ» мектеп-гимназияның 9-сынып оқушысы Усербай Азамат жүлделі 3-орынға ие болды.

Олимпиаданың жалпы қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін II дәрежелі «ҮЗДІК АУДАН» дипломымен марапатталды.

Дарынды да талантты шәкірттерімізге толағай табыстар тілейміз!

«Созақ үні»-ақпарат.



Азаматтық дауысы айқын АНА-ГҮЛДАНА

Ұстаз, ана, азамат Гүлдана Бигондиеваны біз танығалы ширек ғасырға жуықтапты. Аядай ауыл Аққолтықта дүниеге келіп, Қаратаудың етегінде тауға қарап бой түзеп, қарапайым еңбеккер әке Бигондиев Шернияздың, парасатты ана Амалбекова Зәурештің тәрбиесімен ой түзейді. Атасы, соғыс ардагері Жұмашов Бигондының шапағатын көп көреді. Арманшыл қыз жасынан зерек, зейінді, жаңалыққа жаны құмар еді. Мектепті үздік бітіреді. Білімге құштарлығы сол кезеңде екінші бірінің тісі бата бермейтін мамандық шет тілі пәнін таңдауға себеп болады. Ел астанасы Алматыдағы іргелі оқу орны Алматы педагогикалық шет тілдер институтына түседі, үздік бітіріп, елге ағылшын тілі мен неміс тілі пәнінен мұғалім боп оралады. Жас маман алғашқы еңбек жолын 1987 жылы Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде ағылшын тілі пәні мұғалімі болып бастайды.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін, жаңашыл да талапшыл мамандық аудандық комсомол комитетіне шақырады, есеп санақ бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Сенімнен шыға біліп, тап-тұйнақтай етіп атқарып, тәжірибе жинақтайды. 1992 жылы А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебіне ағылшын тілі пәні мұғалімі болып келді. Осы білім ордасында 13 жыл қызмет етіп, шәкірт тәрбиелеген ұстаз қызметте көтеріліп, 2005–2008 жылдар аралығында қазіргі Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі (бұрынғы «Шолақорған» жалпы орта мектебінде) ағылшын тілі пәні мұғалімі, шет тілдер жөніндегі мектеп директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Өшпес тарихтың парағында жазылып қалатын ұстаз дейтін ұлы мамандықтың көшіне ілескен Гүлдана Шерниязқызының атап айтып өтетін еңбектерінің бірі 2006–2008 жылдары Бейбітшілік корпусынан ерікті (волонтер) Хосе Нейдермайерге куратор ретінде жұмыс атқарып, ауданда ағылшын тілінің дамуына ерекше үлес қосуы еді. 2008–2012 жылдар аралығында білім бөлімінде шет тілдер жөніндегі әдіскер қызметін де абыроймен атқарады. Гүлдана Шерниязқызы 2012 жыл-

дан Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ директоры қызметіне келеді. Тілдерді дамыту жұмысына айрықша назар бөліне бастаған кез еді. Тың сапа басшылық жасап, түрленен жолсалып, игеріп кету де жеңіл болмады. Мұнда да Гүлдананың терең білімі, ұйымдастыру қабілеті ерең рөл атқарды.

Осы жылдар ішінде орталық арқылы мемлекеттік тілмен қатар, орыс тілі мен ағылшын тілін біршама аудан тұғындары меңгерген болса, жыл сайын мемлекеттік тілдің маңыздылығын арттыруды көздеген бірнеше аудан көлеміндегі байқау, семинар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Қоғамдық жұмысқа жасынан бейім Гүлдананы «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымдылығына ұсынығанда, көптің қолдауына ие болады, ел сенім білдіреді. Қызметтен қол үзбей әйел-аналардың қоғамдағы орны, отбасындағы жағдайы, еңбектегі үлесі сынды мәселелерді шешуге атсалысып, тиісті жұмыстарды атқарып келеді. Жер-жерлерде әйелдердің қоғамнан тыс қалмауына зер салып, түрлі тәрбиелік игі шараларға мұрындық болуда. Атап айтқанда жыл сайын аудандық әйелдер форумы, келіндер сайыстары, кездесулер, мерекелік іс шараларды өз денгейінде ұйымдастырып жүргеніне ел куә. Өлкеміздегі өнерлі қыз келіншектерге қолдау көрсетуді де жүйелі жолға қойған. Ауданның 90 жылдығы аясында бір топ ақын қыздардың елмен жүздесуін ұйымдастырып, шығармашылық кештерін өткізді ауыл-ауылда. Ж.Жүзбаева, Ж.Райымбекова, Г.Өмірбектің шығармашылығын танытты. 2022 жылы талантты суретші А.Байғараеваның көрмесін өткізді, 2023 жылы «Ауыл келіні тәрбие бастауы» атты аудандық мерекелік жиын өткізіп, өнерлі ауыл келіндерінің көрмелерін ұйымдастырды. Жыл сайын тың тақырып табатын Гүлдана басқарған әйелдер кеңесі 2024 «Анамның дастарқаны, әппақ, әппақ...» атты ұлағатты аналармен кездесу ұйымдастырып, мерекені ауыл аналарының бере-

келі дастарқанымен жалғастырды. Тәрбиелік мәні мол осындай биыл да жалғасын тауып жатты. Үздік мамандар, көп балалы жас келіндер, өнерлі жастарды қамтып, осы жазбаның авторымен де әдемі жүздесу ұйымдастырды. Бұл Гүлдананың қоғамдық жұмысының бір парасы ғана. Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде де саяси әлеуметтік мәселелерді шешуге де атсалысып келеді.

Ерең еңбектің жемісі де молынан еді. Тұңғыш Елбасының Алғысымен, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Алғысымен, облыстық білім департаментінің Алғыстарымен, облыстық мәдениет басқармасының Грамотасы, көптеген арнайы халықаралық сертификаттармен, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың Алғыс хаттарымен марапатталған.

Елге сыйлы өнегелі әулеттің босағасын аттағалы, ибаізіетімен абыройын арттырып келеді. Еңбек ардагері, көргені мен түйгені мол, ауданда басшы қызметтер атқарған Совет Абдуллаевтай ардақты атаның батасын алған, Созақ ауданының құрметті азаматы, Ленин және Қызыл Жұлдыз ордендерінің иегері, ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі, тұңғыш педиатр Гүлжаш Омарованың тәрбиесін көрген Гүлдана өмірлік жолдасы Жарқын Советұлымен 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеген, құтты орындарына қондырып, 6 немере сүйген бақытты ата-әже болып ғұмыр кешуде.

Ұстанымы берік Азамат, бойынан білімнің иісі бұрқырап, жаңашыл ой, озық істерімен топ жарып, әріптесін тамсандырып, айналасының жылы лебізін тудырып, ықыластарына ие болған, өз саласының нағыз маманы, жас мамандардың жанашыр тәлімгері бұл күнде. Жақсы адамға, іскер маманға жақсы тілек жарасады. Біз ұстаздықтың адал шырақшысындай, қоғамда өзіндік орны берік, азаматтық беделі бердірі Гүлдана Бигондиеваға берекелі ғұмыр тілеуді жөн көрдік.

Г.ӨМІРБЕК,
ҚР Жазушылар,
Журналистер
Одағының мүшесі.

АУЫЛ АЖАРЫН КІРГІЗГЕН АРУЛАР

Қолдарына бір-бір қапшығын алып, бүгін Шолақорған, Таукент, Қыземшек ауылдарының ішінде жүрсе, келесі күні жол бойында, көшелердің қапталында жүретін қыз-келіншектерді көрген жәрт: Осы кісілердің еңбегі нағыз еңбек! Көбіміз сол еңбегін бағаламай көрінген жерге қоқысты тастай саламыз деп ақталып, бірде ризашылығын айтып жатқандарын талай естідік. Шынында таңның атысынан күннің батуына дейін тыным таппай ауылдардың ажарын кіргізуге ат салысып жүрген қыздардың, аналардың еңбегіне ел разы. Сегізінші наурыз-халықаралық қыз-келіншектер, аналар мерекесі күні аудандық басылым бетіне елдің аузында ерен еңбектерімен көзге түсіп жүрген қыздарымызды ардақтап елге таныстыра кетуді жөн көрдік. Дұрыс айтасыздар ол кісілерді жалпы таныстырудың керегі жоқ. Өйткені ауылдың тазалығына ат салысып, ерен еңбек етіп жүрген нәзік жанды аруларымызды бүкіл аудан жұртшылығы онсыз да танитыны анық. Мекеме басшысы Әлтеков Берік ағамызбен хабарласып, тазалық саласындағы озат, еңбекқор қыздар туралы деректерді алдық.



Сауранова Сәрсенкүл Әшірбайқызы Ащысай елді мекенінде 1968 жылдың 3 қыркүйекте дүниеге келген. 1975 жылы орта мектеп табалдырығын аттап, 1985 жылы бітірген. 1986 жылы Таукент елді мекенінде Сауранов Әмірхан Сауранұлына тұрмысқа шықты. Отбасында бес қыз тәрбиелеп отырған ардақты ана, аяулы әже. Қазіргі сәтте «Созақ сәулет» МКК-ға қарасты Таукент елді мекеніндегі бөлімшесінде аула тазалаушы болып жұмыс атқарып келеді. Осы мекемедегі еңбек өтілі 10 жыл. Жалпы еңбек өтілі 40 жыл.

Өлкеева Әсемгүл Молдабайқызы 1970 жылы 3 қаңтарда Ордабасы ауданы Темірлан ауылында дүниеге келген. Әкесі Өлкеев Молдабай, анасы Күлішкүл Нәлібекқызы еңбек адамдары. Әсемгүл 1987 жылы орта мектепті бітірген. 2004 жылдан бастап ауданымызда көркейту-кеғалдандыру саласында еңбек етіп келеді. Отбасында үш қызы, екі ұлы бар. Қазіргі сәтте «Созақ сәулет» МКК-ға қарасты Қыземшек елді мекеніндегі бөлімшесінде аула тазалаушы болып жұмыс атқарады. Жалпы еңбек өтілі 21 жыл.



Тәжбенова Майра Өмірзаққызы 1971 жылы 2 қыркүйекте Шолақорған ауылында дүниеге келген. Әкесі Тәжбенов Өмірзақ, анасы Тәжбенова Несбелді Темірханқызы. Нағыз еңбек адамдары болды. Майра 1988 жылы орта мектепті бітірген соң, 1989–1990 жылдары Түркістан қаласында ПТУ-38 арнаулы орта білім орталығында оқып «тігінші» мамандығын иегерді. 1990 жылдан бастап түрлі жұмыстар атқарды. Отбасында бес қызы бар, жалғызбасты ана. Қазіргі сәтте Шолақорған ауылы «Созақ сәулет» МКК-да аула тазалаушы болып жұмыс атқарады, бұл мекемедегі еңбек өтілі 15 жыл. Жалпы еңбек өтілі 20 жыл.

Барша еңбек саласында жүрген аруларымызды айтулы мерекемен құттықтап, отбасыларына амандық, жанұялық бақыт, өздеріне мықты дендеріне саулық, еңбектеріне толағай табыстар мен жақсылықтар тілейміз!

«Созақ үні»-ақпарат.

2017 жылы «Созақ үні» газетінің қыркүйек айындағы санында «Кешегі даңқты механизатор Ұмсын Мұхаева қайда жүр?» деген тақырыпта мақала жазып, еңбегі елеусіз қалған ардақты ананың деректі өмір жолын сөз еткен болатынбыз. Арада жеті жыл өтіп 2024 жылы аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлының басшылығымен Ұмсын апамыз Созақ ауданының Құрметті азаматшасы атағын алды. Президентіміздің әр жылдардағы Жолдауларын парақтап көрсеңіз уақыт шеңберінде еңбек, кәсіп, еңбек адамдарының әлеуметтік ахуалы жанданып, тынымсыз тірлік еткендердің бақытқа қолдары анық жететіні туралы айтқан басым бағыттары айна қатесіз келіп отыр. «Еңбек түбі зейнет» деген дана халқымыздың даналық сөзі өміршең шындыққа ай-



ты. Механизатор қыздың атын айдай әлем, қала берді КСРО таныды. Таң алакеуімнен тракторын от алдырып қыстың қақаған қарлы боранында мұздай темірді жалаңаш қолымен ұстаған күндері аз болмады.

Қай істің басында Ұмсын локомотив ретінде алдыңғы лекте жүрді. Кейін жасы келген соң, оның үстіне ол уақытта елге танылған еңбек адамдарын көтермелеу деген тәжірибе болатын. Аудан басшылығы Ұмсынның қажырлы еңбегін елеп ауылдық кітапхана меңгерушісі етіп бекітеді. Кітапханада істеген жылдары ауылдық кітапхананың дамуына зор үлесін қосты. Одан беріде ауылдық клубтың меңгерушісі болып ауыл мәдениетіне абыройлы еңбек сіңірді. Локомотив демекші Ұмсын апа елімізде

Еңбегін елі елеген механизатор ана

налып отыр. Сөзден іске көшіп, еселі еңбектің көркін қыздырған кешегі аналарымыз дүниеге перзент әкеліп, бір қолымен бесікті тербетіп, бір қолымен кетпен-күрек ұстап арық қазып, атыз салып ұлын ұясына, қызын қиясына қондырып шаңырақтарына шаттықтың шамын жаға білді. Бүгінгі таңда мектеп бітірген түлектеріміздің барлығы да білім деңгейі, шамасы келетіні бар, келмейтіні бар кәсібін дөңгелетудің орнына әкесінің ықпалымен бірі заңгер, бірі кеденші, бірі дәрігер болғысы келіп өрге ұмтылып жатады. Мүмкін олардың арасында өз кәсібін дұрыс таңдап егістің сартап даласында ел ризығын жинай білетін диханшы, қауын-қарбыз, сәбіз, картоп түрлерінің жаңа сортын шығаратын агроном, төрт түлік малдың жайылымы мен жайын білетін малсақ шопан жүрген шығар. Сол қарапайым кәсібімен-ақ дүниеге аты мәшһүр даңқты, елге сыйлы азамат атануы да бек мүмкін ғой. Ал бізде тез байып, тез жұлдыз болғымыз келіп кәсіптен адасар «дерттің» бар екені рас. Міне, осы тұста Президенттің «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса-ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады» деген сөзі кәсіпті Отаным үшін, одан кейін өзім үшін таңдаймын деген патриот жастарға арнап айтылғандай әсер берері сөзсіз.

Сонымен қатар, біз Тәуелсіздік алған жылдары ішінде көбіне бүгінгі шақтағы кәсіпкерлер мен іскер азаматтарды дәріптеп, ал кешегі аңғарын күн қақтаған, шілденің аптабында алқапты өңірлерде шөп тайлап, егін орып, малдың соңында шаң

жұтқан еңбек ерлерінің ерен істерін мадақтап насихаттауды ұмытып кеткендейміз. Бұл туралы да Мемлекет басшысы «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деген сөзі ойға оралымды пікір қалыптастырады. Ендеше кешегі ерен еңбектің жұлдыздарына кезек берейік.

Ұмсын бастауыш мектепті Қайнар ауылында оқып, кейін Созақ ауылындағы Науайы атындағы өзбек мектебінде бітіріп шығады. Әкесі Құлеметов Мұқай, анасы Қайырлаева Ажбан анамыз еді. Мұқай атамсыз Отан соғысында хабар-ошарсыз кетеді. Жақында мен «Мемориал» сайтынан іздеп отырсам 69143-ші реттік тізімде Құлеметов Мукат деп жазылып тұр екен. Бір әріптен қате кеткен екен. «Қызыләскер Құлеметов Мукай 1903 жылы Қазақ ССР, Шымкент облысы, Созақ ауданы, Қайнар колхозында туылған. Атқыштар бригадасының 11-ші бөлімшесінде қызмет атқарған. 1943 жылы 25 қаңтарда қаза тапқан» деген дерек бар. Ұмсын басқа сіңлілері мен інілеріне қарағанда өте сіңірлі, бойы сырықтай ұзын, ет-жеңді қыз болып өсті. Еңбек десе ішкенасын жерге қоятын. Ол уақытта еңбектің барлығы қолмен жасалатын. Қыр тарту, бидай егу, ору, оны жинау, ши суыру жұмыстары түгел екі қолдың күшімен бітетін. Жас қыз комсомол ретінде жастармен қатар Мақтарал ауданына мақта терімге барады. Сонда бір өзі күндік норманы асыра 110 кг-ға дейін мақта жинап жастар арасында рекорд жасайтын. «Бар қызды жинаса да, жалғыз Ұмсынға жетпейді!» дейді екен еңбегі риза болған сол уақыттағы совхоздың парторгы Асылбеков Атабек атамсыз. Мақтаны терімшілер қара күздің суығы 7 қарашаға дейін бітіруге тырысатын. Мерекеге

тартуымыз болсын деген коммунистік тапсырманы басшылыққа алып, тынымсыз қарашаның қарлы суығына дейін жинататын. Осы еңбектегі ерен ерлігін байқаған совхоз ұжымы Ұмсынның трактор руліне отыруын қалайды. Созақ кеңшарында 1959 жылы кәсіптік техникалық училище ашылады. Ұмсын сол училищеге құжат тапсырып, үш айлық тракторшылар курсын жедел бітіріп шығады. Бүгінде қарап тұрса Ұмсынның сол уақыттағы курстары кәсіптік техникалық оқу орнының алғашқы бітірушілері екен. Сол уақытта әйелдерді механизацияға тарту үлкен саясатқа айналған еді. Кәмшат Дөненбаева, Зылиха Тамшыбаева сияқты қазақ қыздары трактор руліне отырып, дала батырлары атанып жатқан уақыт болатын. Бір диханшының бітпейтін қыруар жұмысын бір тракторшы қыз ғана атқаратын. Ору, тырмалау, престеу, сияқты түрлі процестерді бір адамның өзі атқара беретін. Сол жылдары Ұмсын гектарына 48-50 цн-ден өнім алып аудан, облысты аузына қаратты. Ұмсын алғаш трактор руліне 1960 жылы көктемде отырады. МТЗ-80 тракторы оның нағыз тұлпары болатын. Тракторын таза ұстап, уақытылы қарап, босаған жерін қатырып, май,суын дер кезінде ауыстырып, кеткен жерін дереу қалпына келтіріп отыру механизатордың басты міндеті болды.

«Менің бір өзіме 175 га жерді бекітіп берген еді. Сондай-ақ, сол уақытта 70 х 70 деген өңдеу жасаудың әдісі болатын. Сол әдіс бойынша егістік жұмыстары жылдам, сапалы, ысырапсыз орындалатын. Міне, осы таң азаннан күн батқанша жүріп үш баламды тракторда жүріп дүниеге әкеліппін. Алланың берген тоғыз баласынан төртеуі қалды. Ешкімге міндетсінген жоқпыз. Бар маңдайтерімізді тек Отанымызға арнадық. Өкімет-

тен ештеңе дәмектен де жоқпыз. Бүгінгі жастардың сондай отаншыл болуын қалаймын. Өз отаны, өз жері, өз туған мекені дамып, әлеуеті артып жатса өзіне зор мәртебе. Тек білім мен еңбек ғана диттеген мақсатқа жеткізеді дер едім,-дейді бүгінде жасы сексеннен асқан еңбек ардагері Ұмсын апа.

Еңбек еткен жылдары ішінде Мәскеудегі Халық Шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінің қола медалін иеленеді. Одан Мәскеу қаласында өткен әйелдер съезіне қазақ ССР-інен делегат болып барады. Шымкент облыстық партия комитетінің пленум мүшесі болып бірнеше рет сайланады. Бірнеше мәрте аудандық кеңеске депутат болып сайланады.

Бірде күннің аптап ыстығында жер танабын қуырған тракторымен бидай орып жатқан үстінен түскен сол уақыттағы совхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы Аймұрзаев Түктібай:-Айналайын Ұмсынжан сенің осы еңбегіңді неге баласамда теңеу жетпейді-ау,-деп риза болып басын шайқап арқасынан қаққаны бар.

Ұзақ жылдар Сызған кеңшарының №2 фермасында механизатор болып қызмет атқарады. Жұбайы Айтбаев Ерғеш ағамызда Ұмсынның еңбек жолына тек қолдау білдіріп ғана қоймайды. Оның зор жетістіктерге жетуіне мүмкіндік жасайды. «Ешқайда бармайсың, ештеңе де істемейсің, үйде бол! Бала-шағаға қара!» деп отырып алса не істер еді. Еңбегі зая кетпеді ел көрді, жер көрді. Мәскеуге дейін барды. Қызыл алаңды көрді. Ұмсынның суреттері мен Ұмсын жайлы мақалалар сол уақытта аудандық «Молшылық үшін», «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінен бастап, «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Комсомольская правда», «Правда» газеттерінде бірінен соң бірі жарқырата шығып жат-

кәсіпкерлік саласы енді қолға алына бастағанда Қайнар ауылынан кафе ашып, елге сапалы қызмет көрсете білгені есімізде. Тоғыз жолдың торабында сауда нүктесін ашып, елдің қажетін өтеу үшін тамақтандыру орнын ашып халықтың алғысына бөленді. Кейін Ұмсын апаның ісін жалғастырып ауылдан жеті азамат кәсіпкерлік нысандарын ашты.

Ергеш ағамыз екеуі Әлішер, Әлиасқар, Хайрниса, Орынкул есімді ұл-қыздарынан немере, шебере көріп отырған бақытты шаңырақ. Бірі «Қазақ атом өнеркәсібі» саласында еңбек етсе, енді бірі жеке шаруашылықтың төрағасы санатында тәуелсіз еліміздің өскелең дамуына өз үлестерін қосып жүрген азаматтар.

Әттеңі сол қайсыбір жылдары тілсіз жау саналатын өрттің кесірінен үйлері түгел жанып кетіп сол өрттің ішінде газет қиындылары, құжаттары, медальдары мен куәліктері қоса жанып кетіп қолында өзін еңбек ардагері ретінде санайтын бірде-бір құжаттары қалмапты. Қаншама өзі туралы жазылған газет қиындылары, Мәскеуде, Алматыда түскен суреттер, марапаттарын айтсаңшы! Апамызды Құрметті азаматқа ұсынған жылдар ішінде ол кісі көптеген құжаттарын қалпына келтіре алмай жүріп қалыпты. Қай заман болсын алдымен құжат сөйлейді ғой. Сабақты ине сәтімен демекші, көп жылдардағы еткен еңбегіне қарай даңқты механизатор Ұмсын Мұхаева лайықты бағасын алып еңбегі еленіп, өзінің де елдің де мерейін асқақтатты. Ардақты апа Созақ ауданының Құрметті азаматшасы атағыңыз қатты болсын! Отбасыңыз аман болып, денсаулықтың арқасында балашағаларыңызбен бақытты ғұмыр көшіңіз!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

БАТАСЫ БАҚ ҚОНДЫРАР ҚАРИЯЛАР



«Қариясы бар ел—қазынасы бар ел» деген қанатты сөз бар. Қарияларымыздың көңілдерін көтеру, риясыз қуанғандарына куә болу, жылулық сыйлау үшін

«Айшуақ» бақшасының бүлдіршіндері Созақ аудандық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігі орналасқан ардагерлер үйіне барып, ата-әжелерін «Алғыс айту мерекесімен» құттықтады. Ақылдың кені-абзал жүректі қариялар салмақты ойын ортаға салып, бүлдіршіндерге ақ батасын берді. Ардагер ақсақалдар да қарап қал-

май, қазақы салтпен бүлдіршіндерге құрмет танытып, мерекелік көңіл-күймен тәттілерін ұсынып шығарып салды.

Жиын соңында қадірлі қариялар жан сергітер әсем ән тыңдап, дастарханнан дәм татты. Батасы бақ қондырар қарияларымыз аман жүрсін, ұрпағының қуанышына бөлене берсін! Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, сарқылмас күш-қуат тілейміз.

Райхан ҚАЛЫБАЕВА,
Күншуақ тобының
ата-анасы.

БІЛІМ
САЛАСЫНДАҒЫ
ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІК

Қазіргі таңда білім саласы еліміздің дамуының басты құндылықтарының бірі болып табылады. Оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маңызы зор. Осы саланы дамытуға өзіндік үлесін қосып, қазақ тілінің байлығын сақтап қалу жолында елеулі еңбегін сіңіріп жүрген ұстаздарымыз көп. Солардың бірі—Даулеталиева Сымбат. Сымбат—қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша ауқымды жетістікке жеткен шығармашыл ұстаз. Облыстық білім

Мамандықты таңдай білу маңызды

Аудан орталығындағы Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің кітапханасында «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру, мектеп бітіруші жастарға мамандық таңдауда, кәсіптік бағдар беру мақсатында ұйымдастырылған «Мамандық таңдау-болашақты таңдау» атты пікір алмасу кеші өтті.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан»,—деп Абай атамyz жырлағандай, мектеп қабырғасынан түлеп шығар әрбір түлектің қай саланы таңдап, қандай мамандықты игергені дұрыс деген сұраққа жауап іздейтіні белгілі. Ия, мамандық таңдау—жауапты қадам. Мамандық таңдау—адамның өзін-таңдауы. Бірақ көп жағдайда 16-18 жаста бірден-бір дұрыс таңдау әркімнің қолынан келе бермейді. Қазіргі бәсекелестік әлемінде әрбір жас жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табу қажет. Бүгінгі за-

дықтан мамандық таңдау кезінде екі нәрсені мұқият ескеріп, басшылыққа алған жөн. Бұл мамандық маған не береді? Осы мамандықты таңдасам, өзімнің қабілетімді түгел жұмсап, өзімді өзім көрсете аламынба? Бұл мамандықты меңгерсем, халыққа, қоғамға қандай пайда келтіре аламын.

Жасыратыны жоқ, мамандық таңдау барысында өзінің икемі бар бола тұра ата-анасының айтқанымен жүретін талапкерлер жеткілікті. Әлбетте әке шешесінің тілін алған дұрыс, бірақ келешекті де бір сәт ойға орап қойған әлдеқайда жақсы. Мәселен, ата-анасы таңдар, оқытар, жұмысқа орналастырар, бірақ адамның өз бойында сәл де болса қызығушылық, мамандыққа деген махаббат болмаса, ертеңгі күні не болмақ? Сондықтан мемлекеттің басты капиталы саналатын әрбір тұлға бұл сұраққа келгенде өз бетінше шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасай білу қажет. Жүсіпбек Аймауытов

атындағы жалпы білім беретін мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Арыстанов Жазылбек қатысып отырды. Әрине, кез келген мемлекетте өз болашағына қажетті маман иесін даярлау саясаты жүзеген асады. Болашақта ол мемлекет қандай қызмет иесіне зәру—сол салада жұмыс істейтін мамандарды даярлауға көбірек көңіл бөледі, гранд ұсынады, екінші мамандық алуына жағдай жасайды. Ал таңдау болашақ иесінің қолында. Бүгінгі әлем компьютерге қатысты жаңа бағдарламалардың құлағында ойнайтын кәсіп иесіне зәру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Бұл «Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік



басқармасының білім беруді дамыту орталығының және Сайрам ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен 28 ақпан күні «М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» ЖШС-інің базасында «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту: технология, дәстүр, әдістеме» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің облыстық II съезі өтті. Ауқымды шараға облыстық білім беруді дамыту орталығы директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары А.Сейдалиева, осы орталықтың орта білім беру кафедрасының бөлім меңгерушісі Б.Өтеген, қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері А.Аблаева, аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Г.Нұртанова, облыстағы жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті саласының белгілі ғалымдары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мұғалімдері, түрлі олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары, аудандық, қалалық бөлімдерінің қазақ тілі пәнінің әдіскерлері және пән мұғалімдері қатысты. Сымбат сол облыстық съезге қатысып, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесін жаңарту: инновациялық тәсілдер мен жасанды интеллект» тақырыбында баяндама қорғап, облыстық білім басқармасының Мадақтамасымен марапатталды. Сымбаттың осы үлкен жетістігі—оның үздіксіз еңбегінің, шығармашылық көзқарасының және білімге деген шынайы махаббатының жемісі. Оның осы бағыттағы жұмыстары әрі қарай да қазақ тілі мен әдебиеті саласында жаңа белестерді бағындыруға бағытталғанын сенімді түрде айта аламыз. Сымбатқа болашақта шығармашылық табыс пен жетістіктер тілейміз!

С.МƏЛІКАЙДАРОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін
мектептің директоры.



ман жастары қандай маман иесі болуға көбірек ұмтылуда? Қазіргі талапкерлер үшін мамандық таңдауда не маңызды? Әдеттегідей экономист, заңгер болғысы келетіндер көп пе, әлде жаңа заманғы технологияларды меңгерген маман қатарынан көрінуге ұмтыла ма? Бүгінгі жас ертең кім болады? Мамандықтың жақсысы, жаманы болады ма?

Аталмыш кештегі басты әңгімесұхбат осы сұрақтар төңірегінде өрбіді.

Расында «Кім болам» деген әңгіме әрбір жеткіншекке керек әңгіме. Мектеп қабырғасынан әне-міне жырақтап, болашаққа маңызды қадам басқалы отырған жасөспірім үшін дұрыс таңдау жасау үлкен жауапкершілікті талап ететіні сөзсіз.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бітірушілердің басым көпшілігі мамандық әлемінде адасады. Сон-

«Мамандықтың жаманы жоқ. Бірақ, оның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл — жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, бұл үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзі ойға оралады. Мектепте өткен шараға әр түрлі мамандық өкілдері келіп отыр, өз ісін өте жақсы меңгерген кәсіп иелері ретінде олардың да жастарға айтар өзіндік пікірлері, кеңестерін ортаға салды. Олар Созақ аудандық орталық ауруханасының дәрігер маманы Батырбаева Фарида, «Казатомпром-Sa-Uran» ЖШС-не қарасты Орталық жөндеу-құрастыру басқармасының бастығы Кәрінов Байғали, Созақ аудандық сотының жетекші маманы Матенов Рахат, Қазақтелеком мекемесінің инженері Бейсенбеков Бақытжан, Салықтық әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімінің басшысы Қасымов Айдос, Ә.Молдағұлова

меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек—қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі», деп атап өткен болатын. Заман және маман... Еңбек нарығындағы бүгінгі жағдай қалай? Мамандық таңдауда шешуші фактор қандай? Бұл туралы «Болашаққа бағыттаушы дұрыс таңдау жасау» атты мектеп директоры Бейсен Іңкәрдің ақпараттық кеңесін тыңдадық. Әлемде өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың саны аз емес. Аталмыш шарадан мектеп бітіруші жастар көп ой түйгені анық. Өмір дұрыс таңдаумен жалғаса берсін. Болашақ жастарға өз өмірлерінің бір кірпіші болып дұрыс қалануына тілектеспіз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні. Әр шаңырақты шаттыққа бөлеп, болашақ ұрпақ тәрбиелейтін нәзік жандылардың мерекесі. Бар әсемдікті бойына жинаған әйелдердің адамзат үшін алатын орны қашанда ерекше әрі қымбат бола бермек.

Қоғамның даму барысын өмірде – нәзік, көңілде – биік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес. Бұл Президентіміздің әйелдердің қоғамдық істердегі белсенділігіне берген бағасы. Расында бүгінде нәзік жандылар кәсіпкерлік саласында ерлермен иық тіресе жұмыс жасап жүр.

Қазіргі таңда республика бойынша кәсіпкер қыз-келіншектердің үлесі 50 пайыздан асқан. Мұндай жоғары көрсеткіштер әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы әлеуетінің артқанын көрсетеді. Ал, шағын бизнес кәсіпорындарының 60 пайызын әйелдер басқарып отыр екен.

Көктемнің осы бір керемет мерекесі қарсаңында бүгінгі таңда әлеуметтік желіде ауданымызға, сондай-ақ, елімізге де танымал болып жүрген кәсіпкер, бақытты ана Алмагүл Хасенова ханыммен сұхбат жүргізген болатынбыз.



оқырмандарым көбейіп бастаған соң, бұл кәсіп түрімен де айналысып көруді жөн санадым. Жаман емес, бәрі жақсы, шүкір. Елге де пайдамды тигізіп, өзімнің де саудамды жүргізіп отырмын.

Сондай-ақ, жуырда Астана қаласына кастингке шақырту алып, барып қайттым. Жолым болып, кастингтен өттім. Енді алдағы уақытта өзімді кино саласында сынап көрсем деп отырмын. Сонымен қатар, «Уақыт» телеканалына сұхбат бердім. Алдағы уақытта да жақсы жаңалықтарыммен әлеуметтік желіде бөлісіп отыратын боламын.

- Кәсіп бастағысы келетін қыз-келіншектерге қандай ақыл-кеңес бере аласыз?

- Кәсіппен айналысудың жеңіл жолын іздестірудің қажет жоқ. Тек қана Алланың салып берген ақ жолымен адал еңбек ету керек. Өзіңе деген сенімділігіңді жоғалтпай, тәуел келге барудан қорықпау қажет. Кәсіпкер халқына қалаулы, еліне елеулі маман болуға тырысуы тиіс.

БАҚЫТЫН КӘСІПТЕН ТАПҚАН

- Алмагүл ханым, кәсіпті неден және қалай бастау керек?

- Кез келген адамның бойында бір дүниені бастамас бұрын қорқыныш сезімі болады. Алайда оны жеңе білу, алға қарай ұмтылу әркімнің өз қолында. Сондықтанда кәсіпке аяқ басудың алғашқы қадамынан қорықпау қажет. Әрине оны бірден дөңгелетіп әкету өте қиын. Десе де адамның бойындағы табандылық пен қажырлық діндеген мақсатына жеткізеді.

Сонымен қатар кәсіпті қолға алған сәттен бастап ақшаны дұрыс жұмсауды үйрену керек. Жоспарсыз кеткен қаржы кәсіпте табыс табуға кедергі келтіреді. Сен ақшаны емес, ақша сені жақсы көруі тиіс. Қалай пайда тауып, қаржымды еселей түссем екен деген ойдан аулақ болып, қайтсем халыққа бір пайдам тиеді деген ниетпен қызмет еткен жөн.

- Сіз өзіңіз қалай табысты кәсіпкерге айналдыңыз? Еңбек жолыңызды айтып берсеңіз.

- Мансаптық жолымды осыдан 20 жылдан астам уақыт бұрын бастаған болатыным. Сол уақыттан бері әлі күнге дейін саудамен айналысып келемін. Саудада береке бар дегендей түрлі сауда түрімен айналыстым. Осылайша бала-шағамның напақасын тауып келемін. Ол кездегі басты мақсатым кәсіппен айналысу емес, отбасымды асырау болды. Шамамен 20 жылдан астам уақыт сауда-саттықпен айналысып жүрдім.

- Кәсібіңіз жайлы ақпарат берсеңіз. Бизнесің қандай түрімен, қай уақыттан бері айналысып келе жатырсыз?

- 2000 жылдардан бастап базарда сауда-саттықпен айналыстым. Әсіресе, көкөніс түрлерін сатып келдім. Жалпы, сауда менің жанымға жақын

десем болады. Әр адам өзінің қолынан келетін іспен айналысқаны жақсы ғой. Менің қолымнан сауда-саттықпен айналысу келетінін түсініп, осы кәсіп түріне діндеген қойдым. Шүкір, осы жұмысым арқылы елмен етене өмір сүріп, ешкімнен кем болып отырған жоқпын.

Ал, соңғы 2-3 жылдан бергі уақытта «Тикток» әлеуметтік желісі арқылы түрлі пайдалы заттар сатып, (онлайн сауда) кәсібімді дамытып жүрген жайым бар.

Әлеуметтік желі арқылы сатқан тауарларымды аудандық «Қазпошта» байланыс торабы арқылы еліміздің түкпір-түкпіріне уақытысында жөнелтіп отырамын. Айына кем дегенде 1000 нан аса сәлемдеме жіберіп отырамын. Пошта байланыс торабы басшылығы мен қызметкерлері әрдайым жылы қабақ танытып, менің сәлемдемелерімді жылдам әрі уақытында жөнелтуге тырысып отырады. Ол үшін аталған мекеме қызметкерлеріне айтар алғысым шексіз.

- Әйелдің кәсіпте табысқа жетуінің кілті неде деп ойлайсыз?

- Ең алдымен адамның бойынан адамгершілік, төзімділік, шыдамдылық сынды асыл қасиеттер табыла білуі керек. Себебі кәсіп – халықпен қарым-қатынас, ол сәттілік пен сәтсіздік қатар жүретін сала. Осының барлығын басынан өткізген кәсіпкер ғана түбінде жетістікке жетеді. Біз де кезінде талай сәтсіздікке ұшырап, жығылғанбыз. Ондай сәтте орнынан қайта тұрып, алға қарай ұмтылуға әркімнің де хақысы бар. Сол себепті кәсіпте әйелдің табысты болуының құпиясы отбасына деген махаббатында, кез келген жағдайды еңсеруге дайын болуы мен адал еңбек етуінде деп білемін.

- Кәсіппен айналысқанда жиі

кездесіп жататын қиындықтар қандай?

- Кәсіпте қиыншылық көп. Мәселен, онлайн саудамен айналысқандықтан, тапсырыс берушілердің барлығының бірдей көңілін таба білу оңай емес. Сондықтан тұтынушылардың көңілінен шығу үшін барымызды саламыз. Кейде ауырып қалып, келеңсіз жағдайларға тап болып жатамыз. Мұндай мәселелерді уақытылы, дұрыс шешім қабылдау арқылы шешу керек.

Қандай жұмыстың болсын өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері қатар жүреді ғой. Әйел адам болғаннан кейін кәсіптен бөлек, отбасына, үй шаруашылығына да көңіл бөлуі керек. Сондықтан тек кәсіппен ғана айналысып, отбасын жайлы ұмытып кетуге болмайды.

- Қоғамда кәсіппен айналысу көбіне ер адамдарға арналған деген пікір де бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?

- Бұл пікір орынсыз айтылған деп ойлаймын. Себебі бүгінде әйелдер кәсібі жоғары деңгейде дамыған. Олар кәсіппен айналысып та, бала тәрбиесіне көңіл бөліп те үлгереді. Бизнесіне әйелдер ер адамдардан асып түспесе, кем түспейді.

- Енді әлеуметтік желіде танымал болғандығыңыз жайында аз-маз сөз етсеңіз, әлеуметтік желі сіздің өміріңізге қандай өзгерістер алып келді?

- Иә, бүгінде ел-жұртқа «Тикток», «Инстаграмм» әлеуметтік желілері арқылы «almusha39» деген атпен біршама танылып жүрген жайым бар. Басында бұл жай қызығушылық болатын. Оқырмандарым көбейіп, елге таныламын, осы арқылы онлайн саудамен айналысамын деген ойым болған жоқ. Бірақ, біртіндеп

Ағылшын жазушысы Бернард Шоу «Қолынан іс келетін адам жасайды, келмейтін адам үйретеді» дейді. Рас, қолынан іс келетін адам үшін арман-мақсатын жүзеге асыруға ештеңе кедергі бола алмайды. Тек қарым-қабілет пен ынта-жігер ұштасса болды. Бүгінде істің қиюын келтіріп, кәсібінен напақасын тауып жүрген жандарды көргенде ерекше қуана-сың. Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен, кәсіп ашып, оны одан ары дөңгелетіп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені қандай да бір істі бастар жолда кездесетін кедергілер мен қиындықтарға төтеп беру ерік-жігердің күштілігіне байланысты.

Ниеттен туған құлшыныс кезіккен қиындықтардан өтуге серпін береді. Адам бойындағы тынымсыз еңбек, талпыныс, ізденіс арманға жетуге үздіксіз жетелеп, түбінде мақсаттың шыңына шығаратындығына кәміл сенемін.

-Сұхбатыңызға рахмет!

Түйіндей айтқанда, әйел-іскер, білікті басшы, әйел-жылулық, барша әлемге мейірім шашып тұратын шапағат шуағы. Оған қоса, қазіргі таңда осы нәзікжандылар қауымының қоғамдағы рөлін іскерлік және көшбасшылықпен етене байланыстырмаса болмайды. Өйткені, елдегі гендерлік саясаттың маңызды бөлігінде олардың алатын орнының айрықша екендігі белгілі. Бұл бағытта біз мақаламызға арқау еткен кәсіпкер Алмагүл Хасенова ханымның да ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына өзіндік үлесін қосып жатқаны айқын.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) 2024 жылғы қыркүйекте 43,1 млн астам қызмет көрсетті. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 1,5 еседен аса көлемге артық. 01.01.2023ж. бастап 31.12.2023ж. дейінгі уақыт аралығында БЖЗҚ 24.8 млн қызмет көрсеткен. 2024 жылы көрсетілген қызметтердің жалпы санынан 23,6 млн астамы электрондық форматта, шамамен 17,6 млн. қызмет автоматты түрде көрсетілген. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы көрсетілген қызметтер санының 96% тең болды. Күндізгі форматта 1,1 млн астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қордың кеңселерінде 1,0 млн жуық

«БЖЗҚ» АҚ 2024 жылы көрсеткен қызметтер саны бір жарым есеге артты

қызмет жүзеге асырылған. Қазақстанда 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) енгізілуіне, сондай-ақ «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу және есептеу бойынша БЖЗҚ атқаратын қызметтер түрінің көбеюіне байланысты автоматты режимде көрсетілетін қызметтер

саны артты. Ең алдымен– нысаналы талаптарға қатысушыларға шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) ашып, карталар шығару. Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар автоматты түрде есептеледі.

2024 жылы шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 5,3 млн асып тұрды.

2024 жылы деректемелерді өзгертуге 195,2 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 178,2 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 42,1 мыңнан астам көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 880,1 мың адам қатысты. Бқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 42,4 мыңнан астам материал жарияланды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Діни экстремизм және радикализм

Қазіргі қоғамда діни экстремизм мен радикализм мәселесі бүкіл әлемді алаңдататын күрделі және өзекті проблемаға айналды. Бұл құбылыстар адамның діни сенімдері мен көзқарастары негізінде қоғамға қауіп төндіретін, зорлық-зомбылықты, төзімсіздікті және айырмашылықты насихаттайтын әрекеттермен сипатталады. Діни экстремизм мен радикализм кейде діни сенімдер мен идеологияларды пайдаланатын топтардың теріс қылықтары ретінде көрінеді, олардың мақсаты –қоғамды өзгерту немесе белгілі бір идеологияны күшпен таңу.

Діни экстремизм – бұл белгілі бір діннің немесе сенімнің идеологиясын асыра бағалап, қоғамдағы басқа діни немесе мәдени топтарды жек көретін, оларды жоюға немесе «жазалауға» бағытталған көзқарастар мен әрекеттер. Экстремистік топтар көбінесе өздерінің діни көзқарастарын күшпен, зорлық-зомбылықпен немесе террормен таңуға тырысады.

Діни радикализм–бұл адамның діни сенімдерін немесе көзқарастарын қоғамның қалған бөлігінен бөлек қою, оларды қоғамда үстемдікке айналдыру үшін радикалды (яғни, кең ауқымды және түбегейлі) шараларды қолдану. Радикализм экстремизмге ұласқан кезде ол қоғамға қауіп төндіретін әрекеттерге (терроризм, зорлық-зомбылық) әкелуі мүмкін.

Діни экстремизм мен радикализмнің себептері

1. Әлеуметтік және экономикалық мәселелер:

–Көптеген жағдайларда діни экстремизм мен радикализм әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, кедергі, білімсіздік және басқа да әлеуметтік қиындықтармен тығыз байланысты болады. Бұл факторлар адамның ашу-ыза мен үмітсіздікті сезінуіне алып келіп, оны радикалды идеологияларға

немесе экстремистік қозғалыстарға тартуы мүмкін.

2. Саяси және идеологиялық манипуляция:

–Кейбір саяси немесе діни топтар діни сенімдерді өздерінің саяси мақсаттарына жету үшін пайдаланады. Олар адамдарды радикалды көзқарастарға итермелеп, діни сенімдерін күшпен қолдануға шақырады.

3. Діни иерархиялар мен ықпал: Діни көшбасшылар немесе радикалды топтар діни догмаларды бұрмалап, оларды өз мақсаттарына сәйкес өзгертуі мүмкін. Осылайша, радикалды идеологиялар мен экстремистік әрекеттер діннің негізгі құндылықтарымен үйлеспейтін, бірақ діни сенімдерге негізделген әрекеттер ретінде ұсынылады.

4. Жеке тұлғалық факторлар: –Кейде адамдар өздерінің жеке мәселелерінен немесе ішкі жан дүниесінің дағдарысынан шығу жолын іздеп, радикалды топтарға қосылады. Олар өздерін қоғамнан шеттетілген, құрбан болған немесе әділетсіздікке ұшыраған сезінеді.

5. Жаһандану және мәдени қарама-қайшылықтар:

–Жаһандану мен мәдени әртүрлілік адамдар арасындағы түсініспеушіліктерді арттырады. Діни экстремизм мен радикализм осы қарама-қайшылықтардан туындайтын мәдени және діни айырмашылықтарды пайдаланып, адамдарды бөлшектеуге тырысады.

Діни экстремизм мен радикализмнің қоғамға әсері

1. Қоғамдық тыныштықтың бұзылуы:

–Діни экстремизм мен радикализм қоғамдағы тыныштықты бұзады, адамдарды қорқыныш пен үрейге салады. Қоғамдағы әлеуметтік келіспеушіліктерді тереңдеті отырып, экстремистік топтар өздерінің мақсаттарына жету үшін зорлық-зомбылықты пайдалануы

мүмкін.

2. Жаһандық қауіпсіздік мәселелері:

Діни экстремизм мен радикализм әлемдік деңгейде қауіпті. Мұндай топтар халықаралық терроризмді қолдайды, сонымен қатар түрлі елдерде өздерінің радикалды көзқарастарын таратуды мақсат етеді. Бұл әлемдегі қауіпсіздікті бұзуға, бейбітшілікті сақтау үшін күреске кедергі келтіреді.

3. Әлеуметтік толеранттылықтың төмендеуі:

– Радикализм мен экстремизм қоғамдағы түрлі діни және этникалық топтар арасындағы түсіністік пен толеранттылықты азайтады. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, бірлікке және бейбітшілікке кері әсерін тигізеді.

4. Қоғамдық инфрақұрылымның бұзылуы:

– Экстремистік әрекеттер, терроризм мен зорлық-зомбылық қоғамның инфрақұрылымын бүлдіруге әкеліп соғуы мүмкін. Бұл экономикалық шығындарға, халықтың қоныс аударуына және мемлекеттік құрылымдардың әлсіреуіне себеп болуы мүмкін.

Діни экстремизм мен радикализммен күресу жолдары

1. Білім беру мен ақпараттандыру:

– Діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуда білім беру маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесінде діни төзімділік, мәдениетаралық диалог, және экстремистік идеологиялардың қауіптілігі туралы ақпарат беру қажет. Мұндай шаралар жас ұрпақтың радикализациялануына жол бермейді.

2. Қоғамдық диалог және интеграция:

Әр түрлі діни және мәдени топтардың арасында ашық диалог орнату, олардың бір-біріне деген түсіністігін арттыру маңызды. Қоғамдық бірігу, әлеуметтік интеграция және әділдік принциптерін

насихаттау экстремистік идеологияларға қарсы тиімді қару бола алады.

3. Құқықтық шаралар және қауіпсіздік:

– Діни экстремизм мен радикализммен күресу үшін құқықтық шаралар қажет. Мемлекеттер экстремистік әрекеттерді қатаң жазалап, оларды алдын алу үшін арнайы заңдар мен ережелер қабылдауы керек. Сонымен қатар, қауіпсіздік қызметтері экстремистік ұйымдардың әрекеттерін бақылауға алып, алдын ала ескерту шараларын қолдануы тиіс.

4. Діни көшбасшылардың рөлі:

– Діни көшбасшылар мен діни ұйымдар радикализм мен экстремизмді айыптап, діни сенімдер мен діни мұраларды дұрыс түсіндіріп, адамдарды радикализациядан қорғауға ықпал етуі керек.

5. Жастардың радикализациясына қарсы шаралар

–Жастар–діни экстремизм мен радикализмнің басты нысаны. Сондықтан, жастарды радикализациядан қорғау үшін әлеуметтік қолдау жүйелерін құру, жұмыссыздық пен әлеуметтік теңсіздікті жою, жастарға арналған білім беру және жұмыс мүмкіндіктерін арттыру маңызды.

Діни экстремизм мен радикализм – бұл қоғамға және әлемге үлкен қауіп төндіретін құбылыстар. Олар тек жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамға және әлемдік қауіпсіздікке де теріс әсер етеді. Бұл мәселемен күресу үшін әртүрлі шаралар қажет: білім беру, қоғамдық диалог, құқықтық және қауіпсіздік шаралары, сондай-ақ жастардың радикализациясын алдын алу үшін әлеуметтік қолдау жүйесін құру. Барлық қоғам мүшелері осы мәселеге қарсы бірлесіп күрескен жағдайда ғана біз діни экстремизм мен радикализмді жеңе аламыз.

Қ.МОЛДАБЕК,
Теолог маман.

Тылсым табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ауа райы жылынып, көктемнің алғашқы белгілері біліне бастады. Енді аз күнде ауыл, елді мекен тұрғындары табиғат аясына шығып демалғанды жөн көреді. Жалпы ақпарат көздерінде «анда өрт тұтады, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар түрлі төтенше жағдайларды естігенде жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жыл сайын ерте көктемде жиналыс өткізіледі. Осы жиынға қатысқан Созақ аудандық орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мен мамандары жиында айтылған мәселелер жөнінде толық мәліметті сұраған едік. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті.

Асхат ТҰРМАХАНОВ,
Созақ аудандық орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Созақ ауданының полиция бөліміне келген азаматтарды қабылдау кестесі

№	Бөлім басшыларының аты-жөні	Бөлім басшыларының шені	Лауазымы	Қабылдайтын күндері мен уақыты
1	Мұратов Нұрлан Жақыпұлы	полиция полковнигі	Бөлім бастығы	Дүйсенбі сағат 14:30-19:00 Сейсенбі сағат 14:30-19:00 Сәрсенбі жұмыс уақытында, Бейсенбі жұмыс уақытында Жұма жұмыс уақытында, Сенбі жұмыс уақытында
2	Рүстем Нұрдаулет Әбдіхашымұлы	полиция капитаны	Бөлім бастығының бірінші орынбасары	Барлық жұмыс күндері КҮНДЕЛІКТІ Жұмыс уақытында сағат 09:00-12:30, 14:30-19:00
3	Сансызбай Берікжан Ерубайұлы	полиция майоры	Бөлім бастығының орынбасары	Барлық жұмыс күндері КҮНДЕЛІКТІ Жұмыс уақытында сағат 09:00-12:30, 14:30-19:00
4	Ерман Нұрәділ Нұрланұлы	полиция майоры	Бөлім бастығының орынбасары	Барлық жұмыс күндері КҮНДЕЛІКТІ Жұмыс уақытында сағат 09:00-12:30, 14:30-19:00
5	Құрманбеков Фани Баянбайұлы	полиция подполковнигі	Бөлім бастығының ТЖҚЖЖ орынбасары	Барлық жұмыс күндері КҮНДЕЛІКТІ Жұмыс уақытында сағат 09:00-12:30, 14:30-19:00

Созақ ауданының полиция бөлімінің жұмысын жетілдіру және оңтайландыру мақсатында 8/72546/4-18-38 санды қызметтік нөмірі «Сенім телефоны» болып белгіленген. Аудан тұрғындары тәуліктің кез-келген уақытында 4-18-38 санды сенім телефонына хабарласып, өз ойы мен пікір, және арыз-шағымын білдіре алады.

(Соңы. Басы өткен сандарда).

Еңкей-Қабанбұлақ қасиетті орындары

Бастауын сонау ақбас Алатаудан латын Шу өзені құлдилап келіп терістікке қарай бет түзейді. Сайын далаға созыла шығып алған соң, Қаратау жоталарымен жарыса жылыстап, Шойынқұйынның теріскей жағына ала батысқа қарай бағыт алады. Осылайша сылаңдай аққан Шу өзені Қаратау жоталары аяқталар тұста ағысын баяулатып, Айнакөл мен Ащыкөлге құяды да, тізгін тартады. Бұл екі көлде айдыны толқыған, үйрек-қазы шулап жататын көлемі үлкен көлдер. Әсіресе Айнакөлдің аумағы атшаптырым, ай-

өрісінен ұзап шығып кеткен құландар қайтару бермей, кенет келген ізімен Бөкенбайға қарай жосиды. Құландардың соңынан қалмай түре қуып отырған батырдың тақымындағы Еңкей аталған тұлпары сол кезде зорығып құлайды. Жігерді намысқа жаныған батыр құлаған жүйрікті тастай салып, Қабанқұлақты тақымға басады. Әлі де үйіріне қосыла қоймаған құландарды қашыра қуып шығады. Жерге таныс болып қалған жануарлар өздері қашқан сүрлеумен тағы да жөңкіле тартып отырды. Аз-кем тыныс алып қалған құландар садақ жебесіне іліктірмейді. Көлшіктің жанынан келгенде және кері қарай жөңкіледі. Намысқа булыққан батыр ет қызуымен тұлпарға қамшы басып, қинап жіберсе керек, Еңкей тұлпар құлаған тұстан өтіп барып, Қабанқұлақта зорығып мерт болады.

үлкендері Құран бағыштап, беттерін сипап жатады. Уәли ақсақал: «Бұл қасиетті әулие, ел-жұрт қадір тұтады. Әсіресе малдарын арнайы айдап келіп, түнетеді. Бала көтермеген әйелдер келіп, жеті нанын пісіріп, құрбандығын атап, түнейді. Кезінде Қарамырза ел ішіндегі ысытпа, демікпе және есалаң, шалықпа ауруға шалдыққандарды емдеген көрінеді. Оның осындай қасиетін білетін ел-жұрт осы ауруға шалдыққандарды бүгінде қабір басына арнайы әкеліп түнетіп, әулиеден шарапат тілеп жатады екен. Шын ниетпен келіп, екі көзіне жас толған пенделерін жарылқайды. Жазылып жатқан адамдар көп. Бала кезімізде басында түнде от жанып тұрушы еді, майшам терізді түннің бір уағына дейін жанып, тұрушы еді. Бала күнімізде көп көрдік. Соңғы кезде ол

рат етуші адамдардың пейілі өзгерді ме, әлде жылан өзгерді ме, білмейміз, әйтеуір, бұл арадағы ежелгі құбылыстар мен әрекеттер өзгере бастады. Мүмкін әулие баба ұрпағына теріс айнала бастаған секілді» дейді Уәлибек қария.

Әулиенің қасиеті- ауырып ем іздеген пендесіне денсаулық сыйлаушы, Денені тазалайды, тыныс жолдарын ашады, көз жанарын нұрландырады. Есінен ауысқан, делебе, шошыма және талма кеселіне ұшыраған адамдарға шипасы тиеді.

Найман әулие

Ақсүмбе ауылының оңтүстік шығысында, ауылдың тау бөктеріне шыға беріс іргесіндегі ескі қорымнан орта тұсында үлкен қиранды сағана орналасқан. Қамкесектен қаланағна

Әулиелі атажұрт, киелі құт мекен...

дыны айнадай жарқыраған әсем көл болған. Өкінішке орай, қазіргі кезде Айнакөлдің табаны кеберсіп, қаңсыған ыдыстай күй кешіп жатыр. Шудың суының Айнакөлге құймағанына көп жыл өтті. Ащыкөлге де Шудың өзені кейінгі кезде мырзалық танытып жатқан жоқ. Құбылмалы кейуанадай бірде жетіп жатады, кейбір жылдары жүйкелеп, орта жолда қалады. Көбіне-көп Ащыкөлге құйып жатқан Сарыарқа жерінен бері қарай ағатын Сарысу, Боқтықарын өзендері. Айдыны күмен шағылысып, балығы тайдай тулаған, шағаласы шулап жатқан жарасымды көл.

Осы көлдерден шығысқа қарай түстік жерде Шу өзенінің бойында Бөкенбай ата аталатын жайлау бар. Бұл жерде айдыны шалқып Ақжайқын көлі жатыр. Ақжайқын көлін төңіректеп созыла жатқан қос сеңгір тобы көзге сонадайдан көрінеді. Екі төбенің арасы бір-бірінен қозықаш жер. Тау жағасындағы Қабанқұлақ аталады да, төменгі Шу бойына қарап орналасқаны Еңкей деген атпен белгілі. Ертеректе бұл төңіректе құлан көп болған көрінеді. Өйткені осы маңайда Құлан атымен байланыстыра аталатын жер атаулары көптеп кездеседі. Он сегізінші ғасырда осы төңіректе өмір сүрген бір батыр кісі қолындағы екі сәйгүлік атын арнайы құланды қуып алуға баптаған деседі. Аттардың терін алып, садағын асынып, өрісте жатқан бір үйір құланды ақыры қуып шығарады. Өкшелей қуған аттылы адамнан ықтаған топ құланнан сәледн соң бесеуі бөліне қашады. Жердің ыңғайын жақсы білетін батыр құландарды еркіне жібермей, арнаның тау жақтағы қапталына қарап тықсырады. Өйткені осы жақ қапталды ойдым-ойдым сорлар көп. Батырдың мұнысы қашқан құландарды сорға толарсақтату немесе жүйрік жануарлар шабысынан тоқырап, садақ жебесіне ілігуі мүмкін. Бірақ сезімтал жануарлар сорды жанамалап қиғаштатып тартып, тауға қарай жөңкиді. Бөкенбайдан шыға бере бұтасы сиректеу жазықты дала болып келеді. Жазық жерде еркін көсіліп зулаған құландар жебе жетер жерге келтіре қоймайды. Аңның қызығымен тақым қысқан батыр тау бөктеріне таяу Көлшікке дейін қуып келеді. Көлшік пен Созақтың арасы жиырма бес шақырым. Ал құландарды қуып шыққан Бөкенбайдан Көлшікке дейінгі аралық алпыс бес шақырымды құрайды. Өзінің құтты мекен

Ел аузында батырдың аты ұмытылғанымен, жылқы түлігін жанындай жақсы көрген халық қос тұлпардың құлаған жеріндегі сеңгір төбелерді екі сәйгүліктің атымен атап, мәңгі есте қалдырған. Тіпті басына белгі қойып, ол орынды да қасиетті орындардың біріне санап, тіршілігі төрт түлікке байланысты болғандықтан ба, әйтеуір құрмет етеді. Ұрпағына Еңкей-Қабанқұлақ орындарын аяқасты етпеуге, тіпті ол жерде мал жаюға да болмайтынын ескертіп отырады. Ал бес құлан қашқан алпыс бес шақырымдай сүрлеу жолды «Бес құланның жолы» деп атаған. Бұл жол кейіннен үлкен керуен жолы болған екен.

Осы атау өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін айтылып келген, дегенмен кейінгі кезде бұл сүрлеу Бөкенбайдағы Ақжайқын көліне барып демалушылардың үлкен күре жолына айналып, оның бойында жатқан Еңкей Қабанқұлақ қасиетті орындары да аяқасты бола бастайды.

Ақсүмбе ауылының тұрғыны Еркінбаев Орал қария І.Есенберлиннің шығармасына сүйене отырып, бұл әңгімені басқаша айтады. Қарияның әңгімесіне қарағанда, Алаш ханның баласы Бетпақта құлан аңның қуып жүріп мерт болады. Қайғырған Алаш хан әскеріне Сарысу-Бетпақ жеріндегі құландарды қырып-жоюға жарлық береді. Содан бес құлан аман қалып бөлек қашады. Бес құланды екі жүйрік атпен қуады. Біреуі бір үлкен төбенің үстінде зорығып өледі, ол төбе «Еңкей» деп аталады, екінші жүйрік ат өлген төбе «Қабанқұлақ төбесі» деп аталған екен. Әлгі бес құлан қашып құтылып, «Құланқызыл» атты жерді мекен етіп, көбейген екен.

Қарамырза әулие

Басына қойған белгісі мен қабірі Ақсүмбе елді мекенінен 1,5 шақырым солтүстік-батыста орналасқан қорым ішінде. Басында 2006 жылы белгі қойылған. Қабірдің үсті төртбұрышты темір шарбақпен қоршалған. Төбесі де темірмен жабылған. 1,5 x 1,5 метір қоршаудың іші тегіс. Маңдайшасына «Досалыұлы Қарамырза. Руы: Найман» деп жазылған. Айналасы ашық. Жергілікті халық осы араны «Қарамырза әулиенің моласы» деп атап, басына келіп зиярат етеді. Ары-бері өткен ауылдың

жарық сиреп кетті. Бүгінде ілуде біреуі ғана көрініп жатады екен. Соған қарағанда Қарамырза бабамыз ұрпағына өкпелегенге ұқсайды» дейді.

Әулиенің қасиеті-малдың барлық ауруына ем беруші. Бала көтермеген әйелге бала көтеруге себепші, ысытпа, демікпе, өлірме мен шалқыма ауруларға саулық беріп, шарапатын тигізеді.

Қарлығаш әулие

Басына қойған белгісі мен қабірі Ақсүмбе елді мекеніндегі тау қойнауында, ауылдан 14-15 шақырым оңтүстік-батыста тау қойнауындағы ескі қорымда орналасқан. Ескі қорым Қарлығаш әулие атымен аталады. Кезінде басында сағанасы болған, бүгінде сағанасы күтімсіздіктен құлап, үйінді тас аралас топыраққа айналған. Ескі қорым қоршалмаған, айналасы ашық. Қорым ішіндегі жерленген адамдардың қабірі көзге анық байқалады. Қорымның күнгей бетінде ескі жұрттың орындары сақталынған, бірақ жермен-жексен тегістеліп, анықтап қарағанда ғана байқалады.

Әулиенің қабірін итмұрын басқан. Қабір маңында 4 x3 метрлік үй орнындай үңгір бар, үңгірден бұлақ суы шығады. Бұлақты жергілікті халық «Қарлығаш әулиенің бұлағы» деп атайды. Жолбасшымыздың әңгімесіне қарағанда, тазаланып, дәрет алып бармаса, бұлақ басынан үлкен қара жылан шығып, суға жолатпайды екен. Барушылар бұлақ суынан дәм татып, бетін жуады. Құлағы мойны мен беті-қолын шайып, беторамалдарын сулап денесіне тигізеді. Білетіндер бұлақ суынан ысырапсыз ала бермейді және беталды ластанмайды. Олай еткен жағдайда жылан тағы да шығып, келушілерге еразылық білдіреді екен.

Қарлығаш әулиенің шын атын жергілікті халық ұмытқан. Ертеден келе жатқан дәстүрге сәйкес әулие басына есінен ауысқан, делебе, шошыма мен өлірме кеселіне ұшыраған адамдарды түнетеді. Қабірін үш, бес болмаса, жеті рет айналдырып тәу етеді. Зиярат етудің өз жолы бар: келушілер алдымен әулиеге, одан соң бұлағына барып, құран бағыштайды. «Ертеректе жылан жиі көрінетін, күнге қыздырылып жататын, бірақ соңғы жылдары ол жылан барған адамдардың бәріне көріне бермейді. Заман өзгерді ме, әлде барып, зия-

күмбезді сағананың оңтүстік қабырғаларынан басқа қабырғалары жарым-жартылай сақталған. Төбесіндегі күмбезі құлаған. Құлаған күмбез қыштары сағананың орта тұсына, яғни терезе тұсына дейін жауып қалған. Сағана қабырғаларының қалыңдығы, 45-50 см, биіктігі күмбезіне дейін 2,30 метр, іргетасын топырақ жауып қалған.

Батыс қабырғасы мен солтүстік-шығыс қабырғасында терезе орны бар. Сағананың солтүстік-шығысында бірнеше тал ағашы өсіп тұр, қалған бағыттары ашық. Оңтүстік-Батысы тау етегімен ұласса, оңтүстік-шығысы өзенге барып жалғасады. Қабірдің айналсы ескі қорым. Қорымды қалың шөңгел басқан. Бұл жерге жерленген адамның атын халық білмейді. Жергілікті халық ол жерге жерленген адамды «Әулие адам болған екен» деп айтады, енді бірде «Найман әулие» деп те атап кеткен. Соған қарағанда руы найман болса керек.

Сырлыбай ата (Диуана)

Қоңыр Жиёмбеттің Әйбике әулетінен шыққан әулие. Өте көріпкел кісі болған, айтқаны мүлтіксіз, дәл келген. «Ақпаның 12-жұлдызында құдай көже беріндер» деп отырады екен. Қуаңшылық жылдары басына мал құдайы шалып, жауын сұрайды. Сырлыбай ата береке киесі. Бейіті Шолаққорған ауылынан 134 шақырымдай солтүстік-батыста орналасқан Бақырлы, яғни қазіргі Қаратау елді мекеніне қарасты Бақырлы өзенінің бойында. Жалпы Бақырлы өзенінің бойында, тау қойнауындағы тегістікке екі қорым бар. Қорымның айнала-сы қоршалмаған. Екі шеті тау етегімен, екі жақтауы Бақырлы өзенінің жиегімен байланысып жатқан қорым ішіндегі қабірі тегістеліп, төбешікке айналған. Деректерге қарағанда, Сырлыбай диуананың қабірі сол қорымның ішінде, дегенмен жолбасшымыз орнын дәл көрсетіп бере алмады. Ел арасынан жиналған деректерге қарағанда, Сырлыбай диуана кезінде Туысы Бөкенбай әулиеге бата беріпті. Жарылқаушылық қасиеті бар күшті рух иесі екенін ел-жұрт ерте мойындаған кісі екен.

Басылым беттерінен алып жинақтаған: Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:		Бас редактордың уақытша міндетін атқарушы:		Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	
"Agro-sozak" ЖШС		Мақсат Қарғабай		Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады	
Меншік иесі-		Жауапты хатшы:		Индекс 64450	
"Созақ үні" газеті редакциясы"		Мақсат Қарғабай		Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97	
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Редакция құрамы:		тапсырыс № таралымы - 3200 дана	
Директор:		Аға тілші-Данияр БЕКОВ		Кезекші редактор:	
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович		Тілшілер-Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ		М.Қарғабай.	
		Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ			
		Дизайнер-Асхан БАҚТЫБАЕВ			
		Терімші-Бағила АЯЗБАЕВА			
		Фототілші-Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ			
		Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады. Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.		А-ақысы төленген	
		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігінің және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.			
		Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.			